

**Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы**  
**Әлеуметтік педагогтың**  
**2022-2023 оқу жылдың атқарған жұмысының есебі**

**Мақсаты:** әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, мектепте жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қорытындысын шығару.

**Әлеуметтік педагогтың мектеп-гимназияның директоры бекіткен жылдық жоспарын орындау бойынша әлеуметтік педагог мынадай жұмыстар жүргізді:**

- Тұрмыстық жағдайы нашар, сабақты көп қалдыратын, далада күн суықта жеңіл киіммен жүрген балалардың үйлеріне класс жетекшілері, тәлімгер және әлеуметтік педагог барып, тұрмыстық жағдайларын тексеріп, ата-аналарымен прифилактикалық кеңестер жүргізілді.

- Қамқорлықтағы балаларға Наурыз мейрамы қарсаңында әкім атынан сыйланған сыйлықты аудандық қамқорлық кеңестің бас маманы мен әлеуметтік педагог апарып табыстады.

- Оқушылары арасында «Жастар – ел болашағы» тақырыбында пікірсайыс өтті. Шара оқушылардың білім деңгейін, сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық белсенділігін арттыру, мектеп оқушыларының азаматтық, патриоттық сезімдерін дамыту мақсатында өткізілді.

Пікірсайыс турнирі американдық парламенттік форматы бойынша қазақ лигасында ұйымдастырылды.



- Дүниежүзілік аутизм мәселелері туралы ақпарат тарату күніне орай, аутизмі бар балаларға қатысты білім алушылардың оң көзқарасын қалыптастыру, психофизикалық даму ерекшеліктері бар балаларға төзімділік қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында 9-кластар арасында "Балаларымызға бірге жол ашайық!" тақырыбы бойынша әңгіме өткізілді. Балалар "Біз басқамыз" бейнеролигін қызығушылықпен тамашалады, мұнда

аутизмі бар балалардың ерекшеліктері, олармен қалай байланысу, ойнау, дос болу туралы ақпарат қолжетімді түрде ұсынылды.



- Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық болып табылады, осы орайда балалар құқық бұзушылығының алдын-алу мақсатында жедел штаб құрылып, 8-11 кластар арасында жиналыс ұйымдастырылды.

Жиналыс Қорғалжын аудандық ПБ-нің ЖПҚБ бастығы полиция капитаны Е.Асанбаев, Қорғалжын аудандық полиция бөлімінің Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің аға учаскелік полиция инспекторы полиция майоры О.Даулетовтың қатысуымен өткізілді. Мектеп психологы А.Сулейменова “Бала құқықтары” тақырыбында дәріс өткізді. Басты мақсат оқушыларды тәртіпке, жаппай құқық бұзушылыққа жол бермеуге және кешкі мезгілде тек заңды өкілімен жүруге, бұзақылық жасамауға шақырды және сол бойынша қолданылатын шара түрлерімен таныстырды.

Қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу.



Қорғалжын ауылы мектеп-гимназиясында бастауыш класс оқушыларының арасында иммунизация, екпеге қарсы жұмыстар медбикесімен өткіздік.



- «Кәмелетке  
толмаған

жасөспірімдердің арасында құқықбұзушылық пен қылмысты болдырмау» тақырыбында жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Ата-аналар жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтары бойынша «Мектептегі психологиялық қауіпсіздік» тақырыбында мектеп психологы Байтурова Айсулу Толеутаевна, «Профилактические мероприятия буллинга и кибербуллинга в школе» тақырыбында әлеуметтік педагог Абсагиева Галия Кабиденовна, «Жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің, суицидтің құқық бұзушылықтың, қылмыстық істің, заң бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында аудандық білім бөлімінің тәрбие әдіскері Тұрсынова Асем Алдабергенқызы, кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылық болған жағдайда қолданылатын жазалар туралы аудандық ІІБ-нің жасөспірімдер жөніндегі инспекторы Саден Айтолқын Төлеутайқызы қатысып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

-Оқушыларының арасында жоспарға сай жазғы демалыс уақытының алдында қауіпсіздік және жол тәртібі ережелерімен таныстырып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



-Аудандық полиция бөлімшесінің жасөспірімдер инспекторы Саден А.Т. қатысуымен «Күмәнді діни оқу орындарында білім алудың алдын алуы», "Құқықбұзушылықтың алдын алуы, "Судағы тәртіп ережелері", "Түнгі уақытта жүру" тақырыптарында ата-аналар комитеті мүшелерімен және жоғарғы сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



- «Темекі мен ішімдіктің зияны» тақырыбына дәріс өткізілді. Жалпы алғанда, дәріс оқушыларға ұнады, темекі шегудің адамзат үшін қауіпті проблемалардың бірі болып табылатыны атап өтілді. Болашақта олардың аталған проблемаға тап болмауына тілектестік білдірдік, және олар мектепте ғана емес, сонымен қатар ауылда да салауатты өмір салтын насихаттауға қатысуға ниет білдірді.

- Психоактивті заттарға тәуелділіктің зияндылығын және олардың салдарын түсінуге көмектесу, оқушылардың санасында денсаулық - ең маңызды әлеуметтік құндылық, ол өмір бойы қалыптасады деген түсінікті бекіту мақсатында «Есірткіге жол жоқ!» тақырыбына дәріс өткізілді. Дәріс 7

«б» сыныпта өткізілді, балалар дәріске белсене қатысты, сұрақтар қойып, оларға жан-жақты жауап берілді.

- «Салауатты өмір салтын насихаттау» тақырыбына әңгіме өткізілді. Балаларға денсаулықтың – адамзат қоғамының басты құндылығы екені түсіндірілді, «денсаулық және салауатты өмір салты» түсінігі тұжырымдалды, адам денсаулығына әсер ететін жағымды және жағымсыз факторлар туралы айтылды.

Бақылауда тұрған оқушылармен және сынып жетекшілерінің айтуы бойынша тәртіпті жиі бұзатын оқушылармен жеке жұмыс жалғасатын болады.

Келесі оқу жылына жоспарланған:

- жыл бойы нашақорлықтың, суицидтің, салауатты өмір салтының алдын алу бойынша іс-шаралар өткізу

- ана-аналармен жұмыс жасау

- сауалнама жүргізудің түрлі іс-шаралары бойынша

Әлеуметтік педагогтың жұмысы тұрақты бақылауда.